

КЕЛЕШЕККЕ - КЕМЕЛ БІЛІММЕН!



# БІЛІК



www.psu.kz

ГАЗЕТ 2001 ЖЫЛДЫҢ 2 СӘУІРІНЕН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің газеті

31 қазан  
қоян жылы, 2011  
№ 10 (132)

Өзге ұлт  
өкілдері Абай  
шығармашылығын  
насихаттауда **12**  
бетте

## Абай оқулары республикалық байқауы



Жания Аубакирова:  
«По нам узнают о Казахстане!»

**6**  
бетте

КІТАП-ҒҰМЫР




**3**  
бет

УНИВЕРСИТЕТ  
ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

**5,10**  
бет

«...СІЯ ҚАЛАМ  
ҰШЫНДАҒЫ ӨМІРІМ,  
СІЯСАУЫТ ІШІНДЕГІ  
ТАҒДЫРЫМ»



**7**  
бет

СТУДЕНТ  
ВЧЕРА  
И СЕГОДНЯ



**11**  
бет



# Педагогика: ҒЫЛЫМ, өнер және өмір

Қазан айының екінші жартысында  
С.Торайғыров атындағы ПМУ  
қабырғасында «Педагогика: ғылым, өнер  
және өмір» атты Кертаева Қалиябану  
Махметқызының еңбектерімен  
таныстыру рәсімі өтті.

Әр бір жоғарғы оқу орны – бұл оқу ордасы, білім беру ұясы. «Тау-рыдай болып кіресің, таудай болып шығасың» демекші, таудай белгілі бір мамандықтың иесі болып шығатының рас. Университет табалдырығын аттаған соң, алдында жаңа әлем ашылып, жаңашыл бір тасқынға ілігетіндей боласың. Сол білім тасқынында қасында жетектеп, жол сілтеп, бағыт-бағдар ұсынып тұратын ұстазың болса, қандай ғана жаңалықтар мен ізденістерге берілмейсің! «Ұстаз болып қалыптаспайды, ұстаз болып туады» дегендей, бүгін ұстаздық жолын өмір деп танитын университетіміздің психология және педагогика кафедрасының профессоры Кертаева Қалиябану Махметқызы туралы сөз қозғамақпыз.

Кез-келген ұстаздың ұлы мақсаты саналы, білімді де білікті шәкірт тәрбиелеу және ұстаз деген атына, ғалым деген атағына сай келер ұрпаққа ұлықтап кітап жазу, қалдыру болса керек. Кітап бетіне түскен әр сөз тасқа қашалып жазылғанмен тең. Ол ертеңгі ұрпақтың өшпес тарихы, бүгінгі таңның бұлжымас айғағы іспетті. Ұлағаты мол ұстазбен қазынасы мол кітап бір-бірінен сірә да алыс болмас. Себебі бұл екі сөзге мән берер болсақ ол үлкен екі ұғымды тудырады. Алайда сол екеуі өз атына сай болса ғана, өрине. «Заманың түлкі болса, тазы боп аула», – деген қазақтың осы сөзіне қарасақ бірінен – бірі ұрлап жазып, атақтарына нұсқан келтіріп жүрген кей аға-әпкелерімізге адал еңбек, маңдай тер, көз майын тауыса жазу дегеннің не екенін Қалиябану Махметқызы көрсетті және дәлелдеді. Міне сол ұстаз деген ұлы атқа ие болып, бүгінде артына көргені мен білгенін кітап етіп қалдырып жатқан бақытты жанның жеткен жетістіктері мен бағындырған белестері де аз емес.

Қалиябану Махметқызы мыңдаған педагогтарға бағыт-бағдар беріп, нағыз педагог қандай болуы керек екендігін өзінің біліктілігі мен аналық аппақ жүрегімен – ақ үйретті десек артық болмас. Ол кісі күні бүгінге дейін шәкіртіне зілдене сөйлегенін, немесе қаңарланып кіргенін шәкірттері көремген екен.

Сыртынан қарағаныңда тұла бойы сондай нәзік, келбеті ертегілердегі мейірімді кейіпкерге ұқсас, дидары биязы, нағыз кеңпейілді ұстаз. Осындай нәзік, биязы тұлғада ұстаздық қатты мінез бен ғылымға деген құштарлық, білім нәрін жиюға деген қайрат қалай ғана үйлесімділік тапты десеніңізші. Дегенменде, бүгінгі күні Қалиябану Махметқызының жүзден астам жеке ғылыми еңбектері, олардың ішінде: 2 монография, 1 электронды оқулық, 5 оқу-әдістемелік оқу құралы, ҚР РУМС ұсынған 1 оқу құралы, 3 бағдарламасы бар. Ол Сорос Фонды грантының, «Қазақстан Республикасы білім беру саласының ардақты қызметкері» белгісінің иегері, педагогика саласындағы ең үздік ғылыми

зерттеу және ғылыми жұмыстары үшін Ғ.Алтынсарин атындағы ІІ сыйының лауреты, «С.Торайғыров атындағы ПМУ-дің үздік жыл ғалымы» атты жалпы университеттік конкурсының жеңімпазы, сонымен қатар, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан педагогикалық ғылыми академиясының академигі, халықаралық педагогикалық білім беру ғылым академиясының және халықаралық акмеология ғылым академиясының мүше корреспонденті. Мойымас мінезді ару ананың ғылымға деген құштарлығы осымен ғана аяқталмауда. Ол тек қана білсем, оқысам, таныссам деп мақсат қойған емес, ол оқытсам, таныстырсам деп ойлаған Жан. Оған дәлел қолынан жетектеп болмаса да бағытын дұрыс сілтеп өміріне оң бағдар берген білікті шәкірттері дәлел. Осы уақытқа дейін К.М.Кертаеваның жетекшілігімен 5 кандидаттық диссертациялар қорғалғаны айтылған сөздеріміздің толықтай дәлелі болары анық.

Жоғарыда келтірілгендей, қазан айының екінші жартысында Қалиябану Махметқызы өзінің еңбектерімен кезекті рет таныстыруын өткізді. Қазақ дәстүрге сай «тұсауын кеспесен, алысқа қадам баспайсың» деп атап өткен Профессор, еліміздің ғылыми қызметінде бұрын соңды болмаған жаңа «Педагогикалық деонтология негіздері» және «Основы педагогической деонтологии» атты қазақ және орыс тілдерінде шыққан екі кітабын университет жұртшылығына паш етті. Қос тілді қос кітаптың студенттер мен оқытушыларға мол жеңілдік, үлкен қуаныш әкелгені сөзсіз. Бұған жейін интернет беттерін қопарып, тапқандарын орысшадан қазақшаға аударып әуреде түсіп жүрген ізденуші достарымыз бен ғылымға бет алған жастарға зор мүмкіндік жасалды. «Жүрген соң баурайында

күнде қарап, Таулардың биіктігі байқалмайды». Рас біз бен сіздің ортамызда, бірімізге ұстаз, бірімізге әріптес, ал енді бірімізге сырлас болған Қалиябану Махметқызының еңбектеріне, ұстаздығына Отанымыздың өзге жеріндегі қандастарымыз қызыға да қызғана қарады. Осыған қарап жаны мен тәні ізгілік пен ізеттіліктің, мейірімділік пен жылылықтың ордасына айналған ардақты апамызбен бір қара шаңырақ астында қызмет еткенімізді бақыт санамасқа болмас. Айтпақшы кейіпкеріміздің бұл кітаптары ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналғаны белгілі. Бір қызығы Қалиябану Махметқызы осыдан тура 10 жыл бұрын тағыда бір еңбегін жарыққа шығарған екен. Аталмыш еңбегінің алғашқы бетіне Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл толуына арнаймын деп қолтаңбасын қалдырған.

Бұл бәлкім кездейсоқтық, бәлкім жан дүниенің қалауы болар.

Енді, деонтология сөзінің мағынасына үңілсек: «деонтология» – ең алдымен әдеп туралы ғылымның бір ілімі, содан соң адам борышы мәселесінің мінездемесі болып саналды. «Деонтология» термині ғылыми айналымға ағылшын философы И.Бентамоммен тұлғаның кәсіби іс-әрекеті түсінігі ретінде XIX ғасырдың басында енгізілді. Уақыт өте келе деонтология медициналық әдепті (дәрігердің әріптестерімен, емделушілермен қарым-қатынастарын) қарастыратын ғылымның саласы болып саналатын болды. Бүгінде, Қалиябану Махметқызының бұл түсінікті кеңейте түскені сөзсіз. «Педагогикалық деонтология» - педагогтың кәсіби аясындағы мінез-құлқы, тәртібі туралы ғылым. Автордың сөзі бойынша деонтология ғылымы бүгінгі таңда тек қана медициналық салада қолданып қана қоймай, сонымен қатар, педагогика, журналистика, инженерия, құқықтану және қоғаммен жұмыс атқаратын қызметтердің барлық бөлімдерінде қолданылуы керек. Себебі, деонтология бұл – кәсіптік борыш туралы ғылым. Өкінішке орай, қазіргі таңда өз қызметіне парызын, борышпен, міндетпен қарайтын қызметкерлердің саны төмендеуде. Мінекей, сол себепті автор осы ғылым саласын басты пәндер қатарына қосу қажет екенін мәлімдеуде.

Шынымен де, ұлағатты ұстаздың дәрісін тыңдаған кезде, бұл саланы мамандар даярлайтын оқу орнындарында оқыту міндет екенін түсінесің. Себебі, ақпарат таратып, халықтың пікірін қалыптастыратын қаламды қару ететін

– журналисттердің қолында қанша адамның өмірі, бір-бірімен болып жатқан қарым-қатынасы, болашақ мамандарды даярлайтын мұғалімдердің қолында халықтың білімді немесе білімсіз болуы, инженерлердің халық баспанасын немесе қандай да болсын ғимаратын сапалы салу - осының барлығы кәсіби деонтология. Яғни, сенің парызың да, борышың да, міндетің де.

Осындай ашылу рәсімінен кейін, деонтология түсінігін әбден жеткізген соң, Қалиябану Махметқызын университеттің стратегиялық жоспарлау, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры М.М.Бегентаев, әріптестері, шәкірттері жақсы сөз жарым ырыс дегендей авторға құттықтау, алғыс сөздерін айтып, жақсы лебіздерін жеткізді.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, ұстаздық тәжірибесінің молдығы мен біліммен шәкірттерді сусындыра алатындығын барлық уақытта өз биігінде, өз тұғырында қала беретін текті тұлға екені сол бір ашылу рәсімінде болған әр бір адамның көзі жетті. Себебі бұл кісінің айтқан сөздері де адам назарын өзіне ерекше баурап алады, оны тыңдамау мүмкін емес.

**P.S. Егемен еліміздің ертеңі бүгінгімен тікелей байланысты. Тіліміздің мәртебесі асқақтап, айыбы Алатаудан ары асып келер ұрпаққа жетер болса, бұл ұлағаты мен ұлықтығы мол ұстаздардың қажырлы еңбегінде болмақ. Ұрпағымызды саналы әрі ұлтжанды етіп өсіру үшін дәл осындай кітаптар мен біздің кейіпкеріміз сынды ұстаздар қауымы бізге ауадай қажет-ақ.**

Назерке АНИСОВА





# ЖАТСАМ, ТҰРСАМ ОЙЫМДА БІРАҚ ТӘҢІРІ... «СӨЗІ РАС» АҚИҚАТ КІТАПТАН БАС ТАРТУ

**«Білімнің қайнар бұлағы – кітапта»**  
**geygi кешегі өткен даналар. Қазіргі миымыз–**  
**ды техниканың терминдері билеген мына заманда**  
**кітапқа зер салып, зерделей қараудан қалғанымыз қашан.**  
**Тіпті саны бар да, сапасы жоқ болса да жинақ болып басылып**  
**шығып жатқан кітаптардың санында шек жоқ. Бүгінгі «ойшыл дана-**  
**лар» да «иә кітап – білім бұлағы» деп қостайды. Бірақ сол қостандық**  
**қараңғылықтардан жарыққа шығару үшін құлына (Мұхаммед ғ.с.) ап-ашық**  
**аяттар түсірді. Сөзсіз Алла сендерге тым жұмсақ ерекше мейірімді». («Хадид» сүресі, 9-аят).**  
**Жаратушының осы сөздерін жете ұғынған Абай: «Біз жанымыздан ғылым**  
**шығара алмаймыз» деп толық мойын-дайды. Сөйтеді де «Әуелі аят хадис сөздің басы» деп Ақиқатқа иек артады.**  
**Яғни сөзің жалған бос сөз емес толық мәнге ие ақиқат болуы үшін бастауын ақиқаттың әуелі – аят, хадистен ал-сын дейді. Содан барып «сөз түзелді, тыңдаушым сен де түзел» деп таба-нын мызғымас негізге тірейді. Ал кімде кімнің сөзінің бастауы аят, хадис емес пенденің жанынан шығарылған сөз болса оның сөзінің арасы міндетті түрде өзі айтқан «бетен сөзбен» былғанбақ. Олай болса, Кітаптағы нұрлы ақиқатқа көңіл аудармай, құр қиялға сүйеніп жеткен нәрсенің «бәрі даһрә» болмақ. Яғни бәрі бос, бекер.**  
**Құран ақыл иелеріне тірі күнінде хақ жолды табу үшін жіберілген Кітап емес пе еді! Мәселен, жол ережесі кітабын бір**

де бір рет ашып оқымастан көлік апатынан қайтыс болғанға арттағылардың ереже «бағыштағаны» пайда бере ме? Тірісінде тұтынбаған ережеден өлгеннен кейін не қайыр! Керісінше, Кітапты тірісінде тұтығанға үмітпенен дұға бағыштау естілік болмай ма. Құран демекші, Кітапты оқып, зерттеудің орнына оны бірде-бір рет ашпастан ақ матаға орап, төрге қойып қою – бұл енді әжуалауға да, сынауға да, аяуға да сиятын «таным». Себебі қазіргі таңда Құранды оқып, санасына саңылау жасаудың орнына қол тигізіп ұстауға болмайды деп төріміздегі сереге немесе сандықтың түбіне ақтыққа орап сап қомыз. Пенде болып жаралған соң кез-келген дүниеге қызығамыз, бәрінде ашып білуге құмармыз. Тіпті қазіргі тілмен айтқанда телефоныңызға жаңадан келген жаңа хат-хабардың мазмұнын білмекке ынтығу – ақыл-есі сау адам табиғатына тән нәрсе. Олай болса менің Жаратушым маған не хабар жолдап отыр екен деп қызығушылық танытпау – ақыл-ойдың қайда жұмсалып жатқандығының айғағы. «Кешегі өткендер қараңғы болған, біз болсақ сауаттымыз» – деп лепірген әлгі «сауаттың», мешітке не қабір басына барғанда жәутеңдеп, Құран оқып, дұға

бағыштайтын көзі ашық біреуді іздеп кетеді. Өзі оқи алмайды. Бұндай заманы бір «сауатты» аға-апаларымыздың бұл әрекетіне Абайша тіл қатсақ «Оның тілі өзге жұрттан бөлекше жаратылып па?!». (Абай 16 кара сөзі)

Балиғат жасына жеткен баладан еңкейген қаряға дейін әрбір ақылды адамға иман парыз, яғни барлығы өз халінше оқып тануға қабілетті. Басқаны қойып ата-бабасына, ұрпағына дұрыстап дұға бағыштай алмаған жанның несі сауатты, несі зиялы! Танымы әлгі – өзгеге оқытады, өзі сенеді! Білмейді, бірақ сенеді – жартылай сенім дейміз бе, мұны қалай айтарыңды да білмейсің. Танымның негізі – тану. Білмейтін, танымайтыныңды қалай тануға болады.


Өрнениң атын білсең болды, оның затын да меңгеріп алдың деген сөз жоқ. Мысалы, күнделікті көріп жүрген автомобиль, компьютер, телефондарды кім білмейді?! Бірақ солардың затын, жұмыс істеу қағидасын барлығымыз білеміз бе?.. Олай болса, бүгінгі ақпарат тасқынымен жарыса, менін білмейтін көптеген мағлұматты тотықұсша қайталаудың несі таным?! Несі білімділік?! Әй, қойшы... Ешқашан ораулы матасын жазып, өмірі бетін де ашпаған Құран тұрасында, дін тұрасында әр жерде арсыздықпен пікір айтып жүргенін баршаңыз көріп жүрсіздер. Ал бірақ, қайсыбір жазушының шығармасы

туралы сұрасаң «оқымап едім, ештеңе айта алмаймын» деп қарап отырады. Міне масқара! Абсолютты білемін дейді. Ал, бірақ сол абсолюттің аясындағы зәредей бірдеңені білмеймін дейді! «Миллиард, триллион тіпті одан сансыз көп сандарды санай аламын, бірақ екі-үшке дейін санай алмаймын!!!». Осындай таныммен өмір сүрудің қаншалықты ауыр екенін өздеріңіз пайымдай беріңіздер. Ол ол ма, естіп жүріп елге тұлға болуға оның да бар таласы!

Қайтып тұлға болсын! Төңкеріске дейін өмір сүрген бұрынғы даналар танымдары төңкерілмей тұрған кезде зиялы деген сөзді естімей, білмей өсті. Зиялы болмай-ақ сол аманатшыл бабаларымыз кейінгілерге сарқылмас білім – хақ сөз қалдыра білді. Олардың рухани жалғасы – «Алланың пайғамбардың жолындамыз...», «жатсам, тұрсам ойымда бірақ Тәңірі...» деп сөзінің әуелі аят, хадис болған Абай да кейінгілер әрқилы жағдайда да басшылыққа аларлық сөз қалдырды. Ал мыңдаған «ойшыл» зиялылар жабылып жүріп бір сөз қалдыра алмауы – себепті салдармен байланыстыра алатын жаңа барлық жайдан сыр шертіп тұрған жоқ па!

Шексіз ғаламды қойып көз алдымыздағы дүниенің ширегін де тани алмай жүр емеспіз бе?! Сөйтіп жүріп «Сөзі рас» ақиқат кітаптан бас тарту – қасарысып ақылменен жетпесті қуу, онымен де қоймай басқаларға жөн айтам деу сыпайылап айтсақ рухани ауытқу болмай ма?!

Қарлығаш  
ХАШЫМҚЫЗЫ.



## КІТАПТЫҢ ҒАСЫРЫ ӨТТІ МЕ?

Көне заманнан-ақ, халық өз өміріндегі басты оқиғаларды, тұңғыш ақындардың шығармалары, ел билеушісінің жарлықтары мен өмірбаяндары тасқа, сүйекке, құмыра тақташықтарға, теріге, папирусқа түсірілген болатын, бірақ осы заттардың қымбаттылығына, жазуға жұмсалған уақыттың көлеміне, көпке сақталмайтынына байланысты Қытай императоры жазуға арналған жаңа нәрсені шығаруға бұйрық береді. Сөйтіп, біздің дәуіріміздің 105 ж. қытайдың ғалымы Цай Лунь қағаз жасаудың тәсілін ойлап тапты. Осы уақыттан кітап тарихы өз бастауын алады.

Егер көне, сондай-ақ орта ғасырларда кітаптың бағасы үйдің бағасымен тең болып, ал оны оқуға тек қана ақ сүйектер мен бітікшілеріне мүмкіндігі болса, онда қазіргі кезде жағдай мүлде басқа: кітап қол жетімді болып тұр, алайда оқырмандар қатары азая түсті. Білікті мамандар осыны адам мәдениеті, оның құндылықтарының өзгеруі мен ғаламтордың пайда болуымен байланыстырады. Компьютерландыру үрдісі

арқасында жас ұрпақтарда кітап оқуға деген қызығушылығы төмен деңгейде. Интернет қаншалықты пайдалы болса, дәл сондай көлемінде зиян да әкеледі. «Зиян» ретінде денсаулыққа тигізетін кері әсерін айтпай, жеткіншектің рухани денсаулығының дамуын кемітетін ықпалды айтуға болады. Оның нәтижесінде қоғам ортасында көптеген мәселелер орын алады, мәселен, үлкендерді сыйламау, балаларға қол көтеру, достықты бағаламау, ұрлық-зорлық қылу, адам өмірін кесу, т.б. Бұның түбі – адам мәдениетінің төмендігінде жатыр, ал ол өз кезінде сауатсыздығында, яғни индивидуалды көркем әдебиет білмеуінен туады.

Қоғамның кітапқа деген қызығушылығы төмен деңгейінде болуының себептерінің бірі – көркем шығармалардың көтерілген тақырыптарында, басқа сөзбен айтқанда, бұлардың көпшілікке қызық болмауында. Отандық жазушылары бұқара назарынан тыс болып қалатын мәдени, экономикалық, саяси мәселелерді өз шығармаларында көрсетпейді. Бұған не себеп деп

айту қиын, алайда қалыптасқан жағдайдың заңды «жемісі» – оқырмандарымыздың шетел әдебиетіне бас бұру. Басқа елдің шығармалары азаматтарымызға түрлі мәселелерді батыс адам болмысы тұрғысынан бейнелейді, бірақ жұртымыздың дүниетаныма жат болып, терең түсінуіне, дұрыс қорытынды жасалуына ұйтық бола алмайды. Сол себептен қалың жұртшылықтың бұл әдебиетінен тиетін пайдасы шамалы екеніне көз жетті. Сондықтан төл қаламгерлердің қауым өміріне тікелей қатысы бар тақырыптарды көтеруіне тура келеді.

Ақын-жазушылардың айтуынша, оқырман қауымын баурап алу үшін, әдеби шығарма, ең алдымен, оның дүниетаныма, мазалаған сұрақтарына жауап беріп, қазіргі кездегі күнделікті мәселелерді шешілгенінде өз үлесін қосатындай болуы қажет. Ондай қасиеттері болмаса, оны оқуға уақытын ешкім кетірмейді. Бүгінгі таңда еліміздің көптеген баспа үйлері түрлі оқыту-

әдістемелік құралдарды дайындалады, олардың мамандарына берері мол, алайда бұ сөздерді көркем әдебиетіміз туралы айту қиын болар. Жарық көретін шығармалардың сапасы жоғары емес, бірақ шығарылатын кітаптардың санын көбейту арқылы сапасын да арттыруға болады, дейді олар.

Өрине, кітап тағдырында болып жатқан ахуалын қоғам көмегімен шешілетінін белгілі. Данышпан қаламгерлердің қоғам талабына сай қарапайым жазушыларынан шығатыны тағы бар. Бәлкім, ондай уақыт әлі күнге дейін басталмады.

Оқырман қауым отандық әдебиеттің жарқын болашағының іргетасын салғалы отырған біраз жас қаламгерлерге қолдау көрсетіп, дұрыс бағытта тәрбиелеу – өркениетті қоғамның басты мақсаты екенін түсінуі қажет. Соның арқасында халқымыздың жолы түзу, басталғалы отырған істері сәтті болар.

Елена ГАРКАВА



# Жеңіс пен жетістік

4

## МОЛОДЕЖЬ НЕ СТОИТ НА МЕСТЕ



– Александр Петрович, расскажите пожалуйста о своей работе.

– Энергетический факультет – один из элитных, старейших факультетов нашего университета. Вы знаете, что он существует со дня существования ВУЗа, ранее Павлодарского индустриального института, т.е. с 1960 года.

Я занимаю должность декана энергетического факультета с 1999 года. В структуру энергетического факультета входят деканат и четыре выпускающие кафедры: кафедра автоматизации и управления, кафедра теплоэнергетики, кафедра электроэнергетики и кафедра радиотехники, электроники и телекоммуникаций.

Мы осуществляем связь образования науки и производства, поддерживаем связь

*Энергетический факультет – один из элитных, старейших факультетов нашего университета. Он существует со дня существования ВУЗа, ранее Павлодарского индустриального института, т.е. с 1960 года, и готовит сильнейших специалистов в своей области. О деятельности факультета подробнее расскажет декан факультета энергетики Кислов Александр Петрович.*

с производством, внедряем филиалы кафедр на производстве. Также стопроцентно распределяем своих выпускников, поэтому имеем соответствующее высокое положение в регионе и в республике по востребованности наших выпускников.

– Познакомьте нас с преподавательским составом, готовящим специалистов в такой серьезной и востребованной отрасли, как энергетика.

– Все наши преподаватели – востребованные и перспективные специалисты. Могу перечислить докторов наук, которые учились непосредственно у нас и получили ученые степени: профессора, доктор технических наук Утюгов Б.Б., Говорун В.Ф., Захаров Г.В., Хасевский В.Ф., Новожилов А.Н., Мараденко В.А., Глазырин А.И., Баубеков К.Т. и более 30 кандидатов наук. Все они работают в ВУЗе, пишут монографии, учебники, методические пособия. Есть выдающиеся люди, имеющие более ста патентов изобретений – Новожилов А.Н., Мараденко В.А. Все наши преподаватели обучают мо-

лодежь, и молодежь им за это благодарна – ведь чем больше у нас будет образованной молодежи тем республика будет богаче.

– Как вы связываете теоретические знания, данные студентам, с практикой?

– У нас есть филиалы кафедр теплоэнергетики, кафедры электроэнергетики и кафедры автоматизации и управления в Евроазиатской энергетической корпорации. Там есть тренажер, который позволяет приблизить студента к непосредственно практическим моментам, осуществляемым, допустим, на электрической станции. На этом тренажере студенты прорабатывают различные ситуации, аварийные ситуации, практически вникают в суть производства. Так же студенты имеют возможность пойти в цех и посмотреть эксплуатацию оборудования, его ремонт, изменение режимов оборудования непосредственно на производстве.

– Какую помощь вы оказываете молодым специалистам, соискателям вашего факультета? Как они реализуют себя?

– На всех факультетах выделяются бюджетные места в магистратуру, докторантуру. В этом году в нашей докторантуре обучается три человека на бюджетных местах, пятнадцать человек на бюджетных местах обучается в магистратуре. Наша молодежь всегда растет. Бакалавриат – это базовое высшее образование, но этого недостаточно, поэтому наши студенты, получив диплом бакалавра, продолжают обучаться в магистратуре, затем в докторантуре и далее. После обучения мы всегда поддерживаем с ними контакт, публикуем научные статьи в журналах, осуществляем связь образования и производства.

Наши студенты не только занимаются наукой, они участвуют во всех спортивных мероприятиях, в различных конкурсах, есть студенты, которые получают президентскую стипендию – например, непосредственно мой дипломник Солонцов Алексей. В принципе молодежь не стоит на месте – в спорте, в науке, в общественной жизни. Мы гордимся своей молодежью и, в свою очередь, считаем, что студенты гордятся своим факультетом.

– Александр Петрович, я благодарю Вас за внимание и содержательную беседу. Успехов Вам и Вашему факультету!

Виктория ШУВАЛОВА

## ЧЕМ ГОРДИТСЯ ОБЛАСТЬ



25 и 26 октября в Астане проходили Дни Павлодарской области, посвященные 20-летию независимости Республики Казахстан. Большим успехом у жителей столицы пользовалась сельскохозяйственная ярмарка, тематические выставки и концерты знакомили жителей столицы и почетных гостей с культурой, особенностями нашей области. В завершение всех мероприятий во Дворце мира и согласия состоялись выставка достижений Павлодарской области за годы независимости и гала-концерт мастеров искусств трёх регионов. В названных мероприятиях участие приняли Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев, Премьер-Министр страны Карим Масимов, государственный секретарь Канат Саудабаев и другие высокие гости.

На выставке во Дворце мира и согласия были представлены макеты крупных предприятий Павлодарской области, и складывалось впечатление, что организаторы создали своего рода мини-макет всего региона.

Впечатлило праздничное действие и ректора Павлодарского государственного университета имени С.Торайгырова Ерлана Арына. Он отметил, что все мероприятия в рамках Дней Павлодарской области прошли на высоком уровне, рассказал и о проекте «Кереку-Баян». Павлодарцы презентовали в Президентском центре культуры собрание сочинений писателей и поэтов Прииртышья разных времен, которое было издано по программе «Мәдени мұра» в 35 томах. Ректор вуза Ерлан Арын отметил, что работа будет продолжена, и теперь он мечтает издать произведения наших авторов уже в 350 томах.

В преддверии 20-летия независимости страны Павлодарская область привезла своего рода подарки Астане, тем самым сблизив регион и столицу, ведь предстоящий юбилей страны все города, районы и маленькие села встречают в мире и согласии, в любви к дружному многонациональному Казахстану.

Сания БУКЕНОВА.

## ЕРІНШЕКТІК – СӘТСІЗДІКТІҢ ӘКЕСІ, ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК – ТАБЫСТЫҢ АНАСЫ



*«Тіл дарыны - 2011» байқауының жеңімпазы Иманбаев Ернар тіл үйренуде қандай мәселелер жиі кездесетінін жайлы сұхбаттасу кезінде бізге баяндады.*

– Бірнеше тілді үйренуіңізге не себеп болды?

– Қазақ тілі ана тілім, анам тілін туғаннан бастап білемін. Семей қаласында оқып жүргенде орыс тілін меңгердім. Ал 6-сынып бітіргеннен кейін «Қазақ-түрік лицейінде» білім ала бастадым. Аталмыш оқу орнын бітірген соң С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың «Қазақ тілі мен әдебиеті және шетел тілінің мұғалімі» деген мамандық бойынша 4 жыл дәріс алдым. Оқуда мен ғылыми ісшарасына белсене қатысып, М.Жүсіп атындағы стипендия

иегері болып атандым. Ол мен үшін үлкен жетістік болды, өйткені М.Жүсіп стипендиясы сол жылы тағайындалды. Әр кезде оқуыммен қатар жұмысты ұштастыра білдім. Университет бітіргеннен кейін оның қабырғасында ғылыми жұмысымен айналыса бастадым. Бүгінгі таңда еңбек өтілім 9 жыл болды.

– Президентіміз Н.Ә. Назарбаев ұстанған тіл саясаты жайлы қандай пікірдесіз?

– Елбасымыздың «үш тұғырлы тіл» саясатына оң көзқараспен қараймын. Себебі әлемдегі 50 дамыған елдің қатарына кіру үшін 3 тіл емес, одан да көп білу қажет деп ойлаймын. Өзім болсам, 4 тілде еркін сөйле аламын. Тіл білетін адам ештеңені жоғалтпайды, керісінше, қаншама тіл білетін

болса – соншама артық өмір сүре алады.

– Тіл үйренуде қандай факторларға көбірек көңіл бөлу керек деп ойлайсыз?

– Меніңше, тілді үйренудегі басты факторлардың бірі – орта. Сонымен қатар теледидар мен дауыстап оқудың рөлін кемсітуге болмайды. Мәселен, М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы түпнұсқасында, яғни қазақша, аударма ретінде орыс, ағылшын тілдерінде шықты. Осы үлкен шығарманы дауыстап оқу арқасында осы үш тілді жоғары деңгейде үйренуге болады деген ойдамын. Алайда жоғарыда айтылған факторлар болғанымен сөйлеу тәжірибесіз тілді үйренуге болмайды. Соған бір мысал ретінде «Қазақ – түрік лицейін» келтіруге болады. Балаларды әдейі туған туысқандарынан алып кетіп, интернатқа орналастырады. Интернат тәрбиешілері таза түрік тілінде сөйлейді екен. Олар оқушыларға үй тапсырмаларында кездесетін түсініксіз жайттарды түсіндіргеннен бастап түрлі деңгейде өткізілетін іс-шараның дайындығына дейін көмек көрсетеді. Сөйтіп 11-сынып бітіргенде оқушылар түрік тілін меңгеріп шығады.

– Алдағы уақытта тіл біліміңізді қалай жетілдіруді жоспарлайсыз?

– Алдағы кезде шығыс елдерінің тілдерін үйренгім келеді. Қайсысын үйренемін нақты білмеймін. Алайда қасиетті кітабымызды жазуға құдай таңдаған тілі, яғни араб тілі мені қатты қызықтырады. Сонымен қатар қытай тіліне де қызығушылықпен қараймын.

– Жас тіл үйренушілерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Егер адам тіл үйренемін десе, онда еріншектік деген «ауруды» ұмыту керек болады. Әр тіл үйренуші талмай талаптанып еңбек етсе – тиісті нәтижеге жетеді, деп ойлаймын.

– Сұхбат бергеніңізге рахмет! Алға қойылған мақсаттарыңызға жете беріңіз, әр кезде білім шыңынан көріне беріңіз!

Р.С. Елімізде осындай білімді азаматтардың саны арта түскенде ғана мемлекеттілігіміз жаңа жолға түсіп, дамиды. Оның арқасында да халқымыздың мәдениеті, өмір сүру деңгейі жоғарлайды.

«Істегенің еліңе жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы» – деген ата-бабаларымыздың айтқан сөздерін жерге тастамай-ақ, бүгіннен бастап қауымымыздың әрбір мүшесі тіл үйренуге кіріссе, еліміздің жарқын ертеңіне өзіндік үлес қоса алады.

Елена ГАРКАВА

## ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ - ЕЛДІҢ ДАМУЫНА

**Үлкен ел дамыған экономикасынан бастау алады. Экономика – әр елдің әлемдік сахнасында орнын анықтайтын сала. Оның дамуына байланысты ел не алдыңғы қатарда тұрып, тұрғындарының мүддесін қорғап, өзі белгіленген жолында дамыды, не артында боп, отаршылдықтың құшағынан кете алмайды.**



Кереку өңірінің экономикалық жағдайын жақсарту мақсатымен еліміздің бірсыпыра танымал ғалымдары мен шетелден келген әріптестері бірлесіп, С.Торайғыров атындағы ПМУ-да «Агроөндірістік кешенді ғылым мен өндірістің интеграциясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өткізіліп, маңызды келісім шарттарға қол қойды.

Конференцияға қатысушылары Павлодар облысын егіншілік пен мал шаруашылығын дамытуда потенциалы бар аймақ ретінде бағалады. Олардың айтуынша, Есіл жағалауындағы жер дән, бұршақты, рапс, нұт дақылдарын өсіруге жарамды. Бұларды әлемдегі ең бай мемлекеттер өсіріп, жыл сайын экономикасына миллиондаған кіріс кіргізеді. Алайда еліміз тұрғындарының азық-түлік негізін құрайтын мал шаруашылығының өнімдері: ет, май, сүт, аз көлемінде бидай мен күріш дәндері болғандықтан, Еуропа халықтары

арасында кеңінен тараған өсімдіктердің түр-түрлерін егудегі ережелерін біле тұра, халық сұранысының төмендігіне байланысты оларды өсірмейміз, деді.

Мал шаруашылығына қатысты мәселелер кең талқыланды. Ірі қара малының санын көбейтуге бағытталған неміс ғалымы Ноннер Ханстың эмбрион трансплантологиясы әдісі қолданысқа енгізілетін болады. Бұл технологияны іске асыруға бағытталған жаңадан құрылған Қазақстан – герман трансплантология орталығы жауапты болмақ. Павлодар облысына сиыр эмбриондарын тасымалдау үшін келісім шарт жасаған болатын.

Бірқатар дамыған Еуропа мемлекеттерінің ауылшаруашылық саласындағы технологияларды өндіріске енгізу арқасында егін, мал шаруашылығының өнімділігі арта түсіп, ел экономикасының дамуына оң әсерін тигізбек.

Елена ГАРКАВА

## ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫ БІЗДЕ ҚОНАҚТА



**Білім ордамыз, С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың қабырғасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіздік тұғыры» атты Республикалық жас қаламгерлер фестивалы шеңберінде кездесу болып өтті.**

Қазақстан Жазушылар одағы тарапынан Ғ.Жайлыбай, Ж.Өшімжан, Б.Сарыбай, С.Ақсұңқарұлы, С.Сағынтай, Қ.Салғараұлы, А.Әлібек, Т.Әбдіков қатысып, еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы әдеби бейнесі, тарихи болмыс -бітімі, мәдени тыныс-тіршілігін бейнелейтін озық туындыларды айқындап және жас қаламгерлердің шығармашылығын жұртшылыққа танытып қана қоймай, жазушы жолында оң бағыт-бағдар беріп, мол тәжірибесімен бөлісті.

Кездесу барысында қонақтар қазіргі таңда қоғамымыздың көкейкесті мәселелеріне байланысты өз пікірлерін білдірді. Олардың айтуынша, әдебиет әлеміндегі нөмір бірінші мәселе – кітап оқитындардың санының азаюында. Ол жағдай еліміздің ақын-жазушыларының шығармашылығына, яғни әдебиетімізге кері ықпал тигізеді. Әдебиеті кедей қоғам – нашар қоғам –оның моральдық бейнесі, болмысы, рухани құндылықтары да «сынық» болады. Осыдан сауатсыздық, сыйламастық, нашақорлық, зорлық-зомбылық, яғни халық деградациясы бастау алады. Бұл жағдаятты болдырмаудың бірден-бір жолы – көркем әдебиетті оқуында яки әдеби шығармалардан дұрыс түсінік алуында жатыр.

Үлкен мақсатты іске асыру үшін үлкен әдебиет керек, ал тәрбиелік мәні зор шығарманы тек қана рухани бай адам жаза алады. Сондықтан тәжірибесі мол қаламгерлер жас ақындарға туындыларының артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталып талқылады, дұрыс жолын сілтеді. «Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырылған фестивалдің жастарға берері мол. Шығармашылық дамытуда әсері зор. Қазақ әдебиетінің алыптарымен тілдесіп, шығармашылығы жайлы ойларын

білдім. Айтылған ескертулерін назарға тоқып, жазу мәнерін ары қарай дамытпақпын. Қазақ ақындары қатарына қосатыныма сенімдімін» деп, алған әсері жайлы Астана қаласынан келген жас ақын Саян Есжан сөз етті.

Әрине, осындай кездесулерге қатысқан жас қаламгерлер үлкен жазушылардан үлгі алып, қазақ әдебиетінің дәстүрлеріне сай шығармаларын жазып, азаматтарымыздың рухани байлығын байытып, төл әдебиетімізді бүкіл әлемге әйгілі етері сөзсіз.

Елена ГАРКАВА



## Тіл дарыны-2011

*Тілді қадірлеу – дұрыс сөйлеуден басталады. Жүйесін тауып айтылған сөз жүрекке жетіп, жүйкені босатады. Адам мәдениетінің алғы шарты – дұрыс сөйлей білу.*

Ғ.Мүсірепов

Бірнеше тілді білу – бұл қазіргі заманның басты талабына айналған қағида. Егер КСРО кезінде әр азамат ана тілі мен орыс тілдерінде өз ойын еркін жеткізе білгені дұрыс болып саналса, қазіргі таңда, әсіресе тәуелсіздіктің туын көк аспанда желбіреткеннен кейін, жоғарыда айтылған екі тілге қоса мемлекеттік тілімізбен ағылшын тілін жоғарғы деңгейде меңгеруіміз қажет.

Елбасымыз 2008 жылғы өз Жолдауында тілдердің үш тұғырлығына қатысты мәселе қозғады. Оның айтуынша, Қазақстан Республикасының әр азаматы мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық байланыс тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикадағы жетістікке жету тілі ретінде ағылшын тілін білуі қажет екенін атап өтті. Елімізде «үш тұғырлы тіл» саясатын жүзеге асыру үшін қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі көптеген іс-шаралар өткізілуде. Олардың қатарына С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің студенттері, магистранттары және оқытушылары арасында жуырда өткізілген «Тіл дарыны - 2011» атты университетшілік олимпиаданы жатқызуға болады. Бұл байқаудың ерекшелігі

– қатысушылардың тек қана жазу қабілетін де емес, дұрыс сөйлеу дағдысын тексеруге де арналған тапсырмаларда. Әр қатысушы бірнеше тапсырма орындап, өз білімін сынай білді.

Қазылар алқасының шешіміне сәйкес үшінші орынға «Журналистика» кафедрасының бірінші курс студенті Талипова Жансая ие болса, екінші дәрежелі дипломымен «Аударма ісі» мамандығы бойынша дәріс алатын бірінші курс студенті Түлегенов Темірлан еншілеген болатын. Байқаудың жеңімпазы болып Иманбаев Ернар танылды. Ернар университеттің Ж.Аймауытов атындағы этнопедагогика және инновациялық технологиялардың ғылыми-практикалық орталығының кіші ғылыми қызметкері болып жұмыс істейді. Жеңімпаздың олимпиада тапсырмаларын еш кедергісіз орындауына тілдерді жақсы әрі жетік білуінде деп атап көрсетті.

Университет әкімшілігі «Тіл дарыны» атты байқауын өткізуді дәстүрге айналдырмақ. Жұлделі орындарға ие болған қатысушыларды университет атынан облыстық және республикалық деңгейде өткізілетін байқауларға қатысуға мүмкіндік жасамақ.

Елена ГАРКАВА

## Павлодар өзімнің туған қалам секілді...

Қоғамдағы төртінші билік иесі атанған БАҚ-тың жілігін шағып, бұқараның сөзін сөйлеп, үнін өзгеге жеткізетін журналистердің бүгінгі таңдағы аға буын өкілдері оқу ордамызға келіп, болашақ жалынды жастармен кездесіп өздерінің мол тәжірибелерімен бөлісіп кететін жақсы дәстүрдің жалғасы бұл жолы «Халық сөзі» газетінің бас редакторы Нұрәлі Дүйсенбаймен болды. Кездесуге университетіміздің журналистика және филология мамандығының студенттері мен оқытушылары және Гуманитарлық педагогикалық факультетінің деканы Ж.Сарбалаев, журналистика кафедрасының меңгерушісі Қ.Алдабергенов, Ішкі саясат басқармасының бастығы А.Әділбектер қатысты.

Бүгінгі таңдағы жанарынан от шашқан жастарымызбен әңгімесін өрбіте отырып Н.Дүйсенбай мырза өз сөзін былайша өрбітті:

– Мен Павлодар жерінде екі-үш рет болдым. Өзге жерлердей емес маған қатты ұнайды. Себебі аурасы өте тамаша. Бірден өзіне баурап алады. Кірген бойдан маған құтты бір өзімнің туған қалам сияқты болып тұрады.

Бүгінгі таңда сіздерден бақытты ұрпақ жоқ. Жәнеде қатарымызға қосылып жатқан жас журналистер біліктілігінің жоғарылығымен бе, әлде даралықтарымен бе әйтеуір қазір 23, 25 жастарында редактор болып жүрген жастар көп. Бұл үлкен қуаныш. Себебі осы жастарға қарап отырып бұрынғы Ақаң, Міржақып сынды тұлғаларымыздың ізін жалғаушы екінші толқын осылар ма деп қалам...

Кездесу барысында қонақтарымыз өздерінің тәжірибелерімен, қызықты сәттерінен баян етіп студенттердің сауалына жауап беріп пікір алмасты. Тіпті қоғамдағы кей шешімін таппаған мәселелерді БАҚ қаншалықты деңгейде қоғамға шынайы жеткізіп келе жатқаны жайынан да өзара әңгіме өрбітті.

Қарлығаш ХАШЫМҚЫЗЫ



# Сыр сұхбат

6



Жания Аубакирова, выдающаяся казахская пианистка, представляющая культуру и искусство Казахстана на мировой арене, и по совместительству являющаяся ректором Казахской национальной консерватории им. Курмангазы, 20 октября посетила наш университет по случаю открытия аудитории имени ее отца — академика экономических наук Яхия Аубакирова. Великий музыкант, педагог от Бога и просто очаровательная женщина согласилась рассказать нам о себе.

**— Вы в свое время пошли учиться в республиканскую специализированную музыкальную школу имени Куляш Байсейитовой. Какие были мотивы?**

— Я была маленькой и не понимала особо, куда иду. В шестилетнем возрасте что тебе скажут родители, то и делаешь. Пойти учиться именно в музыкальную школу — идея моей мамы. У мамы был хороший слух и культурное воспитание Ленинграда, где она училась. Родители хотели, чтобы дети занимались музыкой, купили пианино и отдали нас в музыкальную школу. Выяснилось, что у меня хорошие музыкальные способности. Первые годы я толком и не училась, все давалось легко, играючи. Потом судьба свела меня с отличным педагогом Венерой Ибраевой. Она стала моим главным наставником на всю жизнь. От природы я была скромной и стеснительной. Впервые чувство уверенности в себе ощутила после первого своего выезда за рубеж. Мне было тогда 26, меня отправили в Париж на фестиваль. Тогда казалось, чем я, серая мышка, могу удивить парижан? У нас в стране был дефицит всего, мы не были хорошо одеты и избалованы, как французы. Но на сцене на мне было красивое пла-

тье. И вот тогда, после своего выступления, поняла, что значит признание публики. После Гран-при на этом фестивале я расцвела, поняла, что не столь важен внешний вид, сколько то, чем ты можешь поделиться со слушателем посредством музыки. Только тогда я начала понимать, что не зря тогда пошла в музыкальную школу — ведь я не теряю к этому интерес на протяжении всей жизни.

**— Вы являетесь обладательницей многих наград, признанной пианисткой не только в Казахстане, но и во всем мире. Какая из этих наград для Вас была самой дорогой?**

— Вы знаете, то, к чему я действительно стремилась и не особо верила в успех — это победа на международном конкурсе. Потому что это было подтверждением того, что я достойна своего искусства. Всю жизнь я стремилась понять, что это за инструмент, как на нем играть. Чувство музыки есть у всех, а вот как научиться играть на инструменте — это было целью. А награды приходили сами собой. Больше всего, конечно, меня радовали мои победы на всевозможных конкурсах, а остальные награды приходили как следствие моей активной профессиональной творческой деятельности.

**— Жания Яхияевна, Вы играли в лучших концертных залах - Карнеги-холл, Кеннеди-центр, Барбикан-холл, Концертхаус. Ваш студенческий коллектив с успехом выступал на всех континентах. Есть ли различия в восприятии классической музыки западным слушателем и нашим?**

— Что касается публики, думаю, она везде одинакова, везде есть любители классики и те, кто ее не понимает. Даже в Европе сегодня на-

блюдается спад интереса к классике, и пропагандировать высокую музыку становится труднее даже там. Поэтому главную свою миссию я вижу в том, чтобы просвещать людей, и гастрольные туры в этом очень помогают. В 2004 году мы впервые выехали за рубеж — доказать самим себе, что можем проявиться на международном уровне. Таких восторженных отзывов, как о нашей консерватории, не писали ни про один вуз страны! По нам узнавали о Казахстане. Думаю, что у нашей страны большое будущее. Вы знаете, что сегодня не каждая страна в мире может позволить себе симфонический оркестр?

В 2008 году мы осуществили «американский» проект, в составе 200 человек провели турне в США. Побывали в пяти штатах, и везде — успех! Вот сейчас наш оркестр народных инструментов из 20-ти человек гастролирует по Турции, 15 студентов — в Абу-Даби, пятеро — в Германии. Всё это работает на укрепление имиджа Казахста-

стоящие вещи, несущие в себе национальный колорит.

**— Вы, ректор вуза, именитый музыкант, играете в одном оркестре со студентами. Не боитесь, что могут подвести?**

— Нет, в это сложно поверить, но в нынешнем составе оркестр работает всего полгода. Среди них много первокурсников. Но зато каких! Для меня на сцене они уже не студенты — здесь мы все коллеги. И я очень часто хвалю их. Они так могут собраться! Наши студенты привычны к чувству высокой ответственности. Перед каждым концертом они сидят и отрабатывают программу. Они лучше взрослых музыкантов могут сориентироваться на слушателя, выдерживают экстремальные условия.

В последние годы особенно заметно стало появление талантливых ребят из регионов. Один из наших дирижеров — Канат Омаров, настоящий талант! Вы бы видели, как этот

и классическую музыку не всю знаю. Бывают такие меломаны, которые слушают классику, запоминают исполнителей, названия арий — это их своеобразное хобби. А я слушаю то, что играю, что преподаю студентам, что в свое время проходила в консерватории по теории музыки. Мир настолько огромен, что невозможно все знать. И поэтому если я хоть немного знаю из своего мира — я счастлива. На другое и времени нет. Конечно, я кое-что слышала — Лед Зеппелин, Битлз...

**— Вы достигли мировой славы, имеете возможность передавать свое мастерство молодым музыкантам... Есть ли у Вас какая-то неосуществленная мечта?**

— Я думаю, что это уже не осуществится: я всю жизнь мечтала стать балериной (смеется). Мне нравится как они двигаются, мне бы хотелось так же танцевать... Вообще очень люблю танцы. Недавно

## Жания АУБАКИРОВА: «По нам узнают о Казахстане!»

на как государства с глубокими культурными традициями, с хорошей школой классического искусства.

Пришло время, когда нам захотелось поехать по Казахстану и показать достижения наших студентов, которыми восхищается весь мир. Думаю, что эти шаги сблизят казахстанцев с миром классической музыки. Я серьезно и страстно хочу, чтобы всё население нашей страны понимало настоящую ценность музыкального искусства.

**— Как зарубежный слушатель воспринимает казахскую национальную музыку?**

— Положительно. Например, когда мы выступали в Концертхаусе, во втором отделении на вкус меломанов была представлена народная музыка. И если классики немцы восприняли спокойно, то во время игры казахского народного оркестра они просто вываливались из своих мест, настолько им было интересно: «На чем они играют?». Ведь у нас очень интересные музыкальные инструменты, это и бабаларсазы, и кобыз, и сырнай... Особенно последние три-четыре лет народную музыку воспринимают на ура. В моем репертуаре есть произведение для фортепиано «Поэма о домбре». Когда я его играю, зрители в восторге, всегда просят прислать ноты, так как музыка очень своеобразна для иностранного ценителя музыки. Можно без всякого пафоса утверждать, что казахстанская культура становится известной миру, казахская народная музыка стала более глубоко резонировать с душой общества, тепло приниматься зарубежным слушателем. К сожалению, существует не так много произведений, которые я могла бы взять в свой репертуар. Только сейчас композиторы начали сочинять

парень из Шымкента вышел на сцену Карнеги-холла своей «шымкентской» походочкой... Сейчас они уже привыкли к успеху. А раньше всего боялись. И каждый новый состав оркестра — всё лучше и лучше. Но консерватория — это, прежде всего, элитарное обучение, что всегда дорого. В год на каждого нашего студента государство платит до одного миллиона тенге, «хозрасчетников» у нас не бывает. Кто потянет оплату? Учится у нас мальчик с уникальным, редким голосом альтино, у него работает одна только мама, так его обучение сегодня оплачивает НДП «Нур Отан».

**— Классическая музыка не очень популярна среди молодежи, несмотря на использование классических мотивов в современных композициях. Нравятся ли Вам современные исполнители?**

— Классическая музыка как явление в массах вообще редкость. Что касается современных исполнителей — не запоминаю ни названия групп, ни голливудских актеров, ни их фильмов. Я слишком поглощена своей работой, хотя

нашла один спортивный канал, и повторяла за инструкторами па латиноамериканских танцев, потом упражнения по йоге... Мне очень понравилось, решила специально взять программу и посмотреть этот канал. Чем смотреть бессмысленные фильмы и бесконечно повторяющиеся новости, лучше сделать хорошую зарядку с этими инструкторами.

**— Вчера вы выступали в ГДК им. Естая, сегодня встретились со студентами нашего университета. Какие впечатления от города и его жителей?**

— Шикарные. Что касается вашего университета — я, как музыкант, поражена тому, что в вашем ВУЗе есть собственная студенческая филармония. А студенты! Культурные, продвинутые, воспринимают новое... У вас очень хорошие условия, город красивый. Впечатления самые лучшие. Глядя на такую молодежь, душа радуется.

**— Жания Яхияевна, я благодарю Вас за внимание, творческих Вам успехов и всего наилучшего!**

Виктория ШУВАЛОВА



# «...Сия қалам ұшындағы өмірім, Сиясауым ішіндегі тағдырым»



Екі қолға тыным бермеген алып ақынның адуынды жүрісін көрсетіп, суырып салмалық пен жазба ақындықты ұштастыра білген сегіз сырлы, бір қырлы ақын. Оның жырларындағы өрнек ізі өзіндік қалам тартыстың тұнығына апарды. Республикалық үлкен додаларда Керекудің намысын бермей жырмен жамбы атқан құламерген қаламның иесі. ПМУ білім ордасында өнер жолын да, өмір жолында шыңдап, қазір Аймауытов атындағы қазақ драма театрында қызмет жасап жүрген ақын Қуанышбек Шарманов өзінің алғашқы жыр жинағын оқырмандарына ұсынды.

Өңіріміздегі қазақ әдебиетінің ауқымы өзгеше қарқын алып жасара, жақсара түсуде. Әсіресе, өлең-жырға келгенде С.Торайғыровтың ұрпағы кенде емес. Аймақты қойып Республика дейінгі өткізіліп жатқан аламан айтыс немесе, мүшәйра додаларына қатысушылардың дені жас ақындар. Бүгінде республикалық жыр сайыстарына жүлде салып, облыс абыройын асқақтатып жүргендер де жоқ емес.

Солардың бірі бүгінгі кейіпкеріміз жас ақын Қуанышбек Шармановтың «Сиялы сыр» атты тұңғыш жинағының тұсаукесеріне қарап отырып, қазақтың сөз өнері мен ғасырлар бойы құдіретін ішінде бүккен рухани мол қазынасы түгесілмесіне көз жеткіздік. Керісінше, халық мұндай рухани кештерге сусап отырғандығы аңғарылды.

«...Сия қалам ұшындағы өмірім, Сиясауым ішіндегі тағдырым»-деп жырлаған жас қаламгердің осы уақытқа дейін бірқатар республикалық айтыстар мен мүшәйраларда жеңімпаз атанғаны белгілі. «Қазақстан» ұлттық телеарнасы арқылы берілген «Аламан айтыста» да Павлодар өңірінің намысын арқалап, абыроймен оралды. Аймақтық жыр додаларында бір емес, бірнеше рет үздік шыққан Қуанышбек жұртшылықтың сүйікті ақынына айналды.

Шығармашылық кешінде Ресейдің Алтай өлкесінен арнайы келген қонақ Нұрғайша Ғайсақызы Павлодарда жас ақындардың шығармашылық кешінің мұндай деңгейде өтіп жатуы ел Тәуелсіздігінің, азаттығының арқасы екендігін баса айтты.

Өңіріміздің әдеби ахуалына тоқталған белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Арман Қани: «Қуанышбек - жазба ақындықпен қатар айтыскерлікті де жете меңгерген талантты азамат. Оның өлеңдерінен қазіргі күннің лебі өзгеше есіп тұрады», - деп өз бағасын берді.

Әдеби шара барысында өңірімізге өнерімен танылып жүрген «Жеңеше-ай» дуэті, «Думан» тобы ақынның сөзіне жазылған өндерді орындады. Сондай-ақ, ақынның өлеңдері оқылып, төл шығармасына негізделген сахналық қойылым жиналған жұртшылықты ерекше әсерге бөледі. Тұсаукесер соңында Қ.Шарманов өз туындыларын оқып, жұртшылыққа зор алғысын жеткізді.

Осы орайда қара шаңырағымыздың мақтанышына айналған, бүгінде үлкен өмірде де өнерде де өз жолын тапқан замандасымыздың сырлы сиясынан тамған, жүрек қылын шертер жырларын ұсынып отырмыз.

## ЕКІ ДҮНИЕНІҢ ЕЛШІСІНДЕЙ КӘДІМГІ

Есігімді ескерусіз ұрғылап,  
Есігімді еске алған кім жиі кім.  
Мезгілсіздеу мерейімді мың бұрап,  
Кеңшілікті кеміреді-ау кей үкім.

Кеудем есік келмес шамаң ашуға,  
Ернін басып кілті сынған құлып тұр.  
Ар жағында жүрек үндеп ғасырға,  
Бер жағында сайтан берген үміт тұр.

Жылай-жылай пайда болып жастан жар,  
Бұл есікті сан қыздырған от кеуде.  
Ар жағында айтылмаған дастан бар,  
Бер жағында белгісіздеу бет перде.

Құрғақ тиіп кеңірдекке құр күліс,  
Тамақ безім шошынғандай үйкеліп.  
Ар жағында Алла деді бір дыбыс,  
Бер жақтағы жын жүріске жиіркеніп.

Бұл кеудеде өткен қанша сең-сүргін,  
Бірі қайрап, бірі байлап бағымды.  
Екі әлемнің ортасында мен тұрмын,  
Екі дүние елшісіндей көдімгі.

## ӨМІР-АЙ!

Бағаламай әр күнің батып құлап  
Қақпанды дүркін қағып уақыт тұрад  
Өрбір таң атқан сайын кешегі күн  
Бүгінгіден көрінеді бақыттырақ

Қиял құрап, кетседе арман іріп,  
Күнде ертеңге тартатын қайран үміт.  
Кейде еңсеңді жығасың ойға бұғып,  
Кейде әлемді шарлайсың айға мініп.

Туың құлап жатқанда туғаныңнан,  
Безіп кеткің келеді ку жаныңнан.  
Тіршіліктің бір боқтап жеті атасын,  
Төңір жолыңдан таясың тура қылған.

Кейде күйкі тірлікті күлкің көміп  
Көңіліңнің тұрасың ұртын керіп.  
Мақсатыңа бір табан қалған кезде,  
